

ҒТАР 17.82.10

Ғылыми мақала

**Елдос Тоқтарбай**

«Шәкәрім университеті» КЕАҚ,

Семей қ., Қазақстан

(E-mail: yeldos@toktarbay.com)

**«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңі: түпнұсқамен салыстырмалы поэтикалық және философиялық талдау**

**Аңдатпа.** Мақалада Абай Құнанбайұлының «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңі түпнұсқа мәтінімен салыстырылып, аударманың көркемдік-эстетикалық, идеялық-философиялық және мәдени-интерпретациялық қырлары талданады.

Түпнұсқаның негізінде Антон Рубинштейннің «Разбитое сердце» романсына арналған Рудольф Лёвенштейн және Виктор Крылов нұсқасы жатқаны нақты айқындалады. Абайдың аударма тәсілі мен поэтикалық жаңалығы, оның романстық меланхолияны қазақ дүниетанымының моральдық-философиялық өрісіне енгізу стратегиясы қарастырылады. Сонымен қатар, өлең құрылымындағы анафора, параллелизм, антитеза және тұрмыстық коллоквиализм тәсілдері талданып, ақынның түпнұсқаны еркін интерпретациялауы арқылы қоғамдық-сатиралық мазмұнға көшу ерекшелігі дәлелденеді.

**Түйін сөздер:** Абай аудармалары, поэтикалық интерпретация, романстық лирика, философиялық сарказм, қазақ поэзиясы, Рубинштейн, Крылов, мәдени транспозиция

DOI: <https://doi.org/10.71078/t9j0yg76>

Түсті: 18.02.2026; Мақұлданды: 27.03.2026; Онлайн қолжетімді: 04.04.2026.

**Кіріспе**

Абай Құнанбайұлының аудармашылық қызметі – қазақ руханиятындағы айрықша құбылыс. Ол – қазақ поэзиясын әлемдік әдебиетпен жалғаған, ұлттық көркем ойдың өрісін кеңейткен ірі мәдени көпір. Абайдың әдеби аудармаға келген жолы – кездейсоқ бағыт емес, ол оның дүниетанымдық, ағартушылық, эстетикалық көзқарасының табиғи жалғасы. Абай үшін аударма – бөтен мәдениеттің сөзін қазаққа жеткізу ғана емес, оны ұлттық болмысқа, қазақы моральға, ішкі таным тағылымына икемдеп, жаңа сапаға көтеру ісі болды.

Абай аудармалары қазақ оқырманына тек Еуропа поэзиясын таныстырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ұлттық сөз өнерінің жаңа эстетикалық талаптарын қалыптастырды.

Жалпы Абай әдеби аударма өнері арқылы қазақ әдебиетіне жаңа образдық дүниетаным әкелді; поэзияның музыкалық табиғатын жаңа деңгейде ашты; күрделі философиялық ойларды қазақ тілінің ішкі тоздырмай жеткізе алатынын дәлелдеді; аударма арқылы адам жанының психологиялық әлемін терең суреттеу мәдениетін орнықтырды. Абай аудармаларының арқасында қазақ поэзиясы романтикалық, реалистік, философиялық поэтиканың жаңа үрдістерімен беттесті.

**Зерттеу әдістемесі**

Задында, Абайдың аудармалары екі үлкен арнада көрінеді: бірі – «жүйелі»

неғұрлым дәл аудармалары («Татьяна хаты» секілді), екіншісі – еркін, шығармашылық интерпретацияға құрылған аудармалары («Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Желсіз түнде жарық ай» сияқты). Осы екі тәсілдің өзі қазақ әдебиетіне жаңа аудармашылық мәдениетті енгізген.

Абай аударманы «қазақы дүние» етіп қайта тудыру мәдениетін қалыптастырды. Ақынның аудармашылық ерекшелігі – мәтінді сөзбе-сөз емес, рухымен, идеялық ағысымен, көркемдік ықпалымен жеткізу. Ол аударған шығармалардың ой желісін, ішкі гармониясын қазақи өмірдің реалияларымен, тілдік образдарымен, халықтық поэтикамен тоғыстырды. Мысалы, Пушкин романының сыпайы, салондық интонациясы Абайда қазақ жастарының жан-сезіміне лайық таза, табиғи интонациямен жаңғырып шығады. Абай Татьяна сезімін жеткізгенде орыс аристократиясының мінездік реңдерін сол күйі сақтамайды; керісінше, сезімнің жалпыадамзаттық табиғатын қазақы ұғыммен айшықтайды. Бұл тәсіл – аударманың ұлттық көркем ойға бейімделуінің нақты ерек үлгісі. Абайдың аударма мәдениетінің басты ерекшелігі – түпнұсқаны түсіну арқылы емес, оны қайта тудыру арқылы толық игеру.

### Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Абай аударманың көркемдігін сөзбе-сөз жеткізуде емес, ой мен әсердің дәлдігін табуда деп білді. Сондықтан оның аударма мәтіндері түпнұсқамен толық сәйкеспейтін мүмкін, бірақ беретін әсері, психологиялық бояуы түпнұсқаға дәл келеді. Өлеңнің өлшемін, ұйқас заңдылығын, үндестік құрылымын қазақы өлең өріміне көшіру арқылы Абай түпнұсқаның интонациялық табиғатын сақтап қана қоймай, қазақ сөз өнерінің заңдарына үйлестірді. Абай аудармаларының сәтті шығуының бір сыры да осы. Мәселен, И. Гетенің философиялық тынысқа құрылған «Wandrer's Nachtlied» өлеңі Абай арқылы «Қараңғы түнде тау қалғып» түрінде қазақ сахарасының тынысымен астасып кетті. Бұл – аударманың қазақ ұғымымен үндесіп, моральдық-эстетикалық кеңістігі қатар үйлескенін көрсетті.

Абайдың кейбір аудармаларында түпнұсқада жоқ ойлар, метафоралар, қосымша шумақтар пайда болады. Бұған кейде «еркіндік» деп қараса да, шын мәнінде бұл – Абайдың мәдени-ағартушылық миссиясынан туған табиғи әрекет. Мысалы, «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңіндегі соңғы шумақ – түпнұсқада кездеспейтін, бірақ адамшылық, мінез, қоғам, дүние туралы Абай көзқарасын тереңдетіп тұрған қосымша бөлім. Мұндай интерполяциялар аударманың идеялық шеңберін кеңейтіп, түпнұсқаны қазақ оқырманына жақындатып, оны жаңа көркем-философиялық биікке шығарады. Абай үшін аударма – түпнұсқадан ой көшіру емес, керісінше, көркем ойды тереңдету, адамдық мәселеге жаңа көзқарас ұсыну.

### Нәтижелер мен талқылаулар

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиетінде аударма поэзиясы ұлттық дүниетаным мен еуропалық романтизм арасындағы рухани көпір қызметін атқарды. Сол бағыттағы ең көрнекті тәжірибелердің бірі – Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңі (Құнанбаев, 1995: 76). Көп уақыт бойы бұл шығарма М.Ю. Лермонтовтан аударылған делініп келсе де, кейінгі зерттеулер оның түпнұсқасы Антон Рубинштейннің «Разбитое сердце» романсына арналған мәтін екенін айқындады (Рубинштейн, 1869: 108). Осы өлең арқылы Абай қазақ поэзиясына тек романстық элегия әуенін ғана емес, адамгершілік-әлеуметтік мазмұнның жаңа сапасын енгізді.

Абай «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңін 1898 жылы аударған. Бұл өлеңнің түпнұсқасы советтік басылымдарда ұзақ уақыт «М.Лермонтовтан» деп көрсетіліп келгенімен, кейінгі зерттеулер оның түпнұсқасы Антон Рубинштейннің «Разбитое сердце» романсына (сөзін неміс ақыны Рудольф Лёвенштейн жазған, орысшаға

Виктор Крылов аударған) тиесілі екенін нақтылады (Мырзахметов, 1982: 178). «Разбитое сердце» туындысы негізінен табиғат пен махаббат символикасына құрылған. Ал Абай нұсқасындағы ой мүлде тосын, жаңа арнаға бұрылған. Осы орайда, түпнұсқа мәтін және атрибуция мәселесіне зер салсақ:

Түпнұсқа:

*Я видел берёзку,  
Сломилась она;  
Но к ночи всё так же  
Зелёной была* (Крылов, 1870:37)

Абай:

*Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,  
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.  
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,  
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?*

Түпнұсқада қайың «сынды, бірақ кешке дейін жасыл күйінде қалды» – деп, өмірге жабысып тұрған күйзеліс символы ретінде жазылған. Романс эстетикасына тән – нәзік меланхолия. Ал Абай нұсқасында «ұзын қайың» – қазақ табиғатына бейім образ; «құлаған», «бас ұрып», «сұлаған» – динамикалық етістіктер арқылы трагедия күшейтіледі; «сарғайып, өлімсіреп» – түпнұсқадағы «жасыл күй» толық өзгертілген; «кім тыңдайды жылағанын?» – философиялық риторика ретінде аудармашының қосқан ойы. Абай түпнұсқадағы нәзік элегияны – терең экзистенциалдық жалғыздық, ғұмырлық мұңға айналдырады.

*Я видел оленя  
С пробитой грудью;  
Уныло страдало  
Живое созданье.*

*Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,  
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп.  
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен,  
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?*

Түпнұсқада «олень» – жалпылама символ; Абай нұсқасындағы қызыл киік – қазақ даласының нышаны. Түпнұсқада «Уныло страдало» – баяу, эмоциялық жай сурет; Абайда «қансыраған», «қалжырап», «қабақ түскен» психофизикалық нақтылау, трагизмді күшейту; Тағы да риторикалық сұрақ енгізіледі. Абайдың поэтикалық тәсілі: табиғат деталі → ұлттық-мәдени образ → моральдық сұрақ.

*Я видел и бабочку  
С крылышком слабым;  
Она ещё грелась  
На солнце дрожащем.*

*Мен көрдім сынық қанат көбелекті,  
О дағы білер өмірді іздемекті.  
Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,  
Одан гибрат алар жан бір бөлек-ті.*

Түпнұсқа – көбелек өте әлсіз, бірақ күнге жылынған күйде еді. Абай аудармасындағы «сынық қанат» – драматизмді арттырады; «өмірді іздемекті» – философиялық бағыт

береді; «ғибрат алар жан» – моралистік функция түпнұсқада жоқ. Абай символды этикалық-танымдық концептке айналдырды.

*Я видел измену  
В очах нежной девы;  
И сердце забилось  
От боли немой.*

*Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік,  
Өмірдің қызығынан күдер үздік.  
Жылы жүрек суыды, жара түсті,  
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік.*

Бұл шумақта Абай түпнұсқаның жай ғана «опасыздық» эпизодын терең психологиялық трагедияға айналдырады. Мәселен, «уәдесіздік» – қазақ ұғымындағы моральдық категория, лексикалық ұлттық ерекшелік; «күдер үздік», «жылы жүрек суыды» – эмоциялық-психологиялық құлдырау динамикасы; «шыбын жанмен күн өткіздік» – қазақи бейнелілік, түпнұсқаға мүлде тән емес өмірлік реализм. Абай түпнұсқадағы бір сәттік эмоционалдық жараны – ұзаққа созылған рухани құлазу, экзистенциалдық күйге айналдырады.

Негізгі кейіп – «жаралы жүрек» архетипі. Бұл мәтін Абайға орыс тілі арқылы жеткен. Қазақша нұсқада бес шумақ бар, ал түпнұсқада төрт шумақ (16 жол) (Ахметов, 2008: 94). Демек, Абай түпнұсқаны толық жеткізумен шектелмей, оған жаңа идеялық қабат қосқан:

*Мен көрдім дүние деген иттің көтін,  
Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін.  
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,  
Көбінің сырты бүтін, іші түтін.*

Бұл – таза авторлық түйін. Абай романстық лиризмді қоғамдық-философиялық сатираға айналдырады. Дәрекі лексика («иттің көтін») – эстетикалық мақсатты тәсіл: дүниенің жалғандығын жалаңаш суреттеу. Сатиралық-диагностикалық тон «біреуінің біреуі етін жеу» – әлеуметтік қатынастардың азғындауы. Философиялық қорытпа «сырты бүтін, іші түтін» – қазақ мораль философиясының концентрат формуласы. Бұл Абай аудармасының ең маңызды ерекшелігі – түпнұсқаның жеке трагедиясын жалпы адамзаттық және қоғамдық проблема деңгейіне көтеру.

Шығарманың композициялық құрылымы және ырғағы да таңқаларлық. Абайдың өлеңі бес шумақтан тұрады және әрқайсысы «Мен көрдім...» анафорасымен басталады. Бұл тәсіл лирикалық субъектінің өмір көріністерін «көзбен көріп куәлік ету» интонациясында өрбітеді. 11 буынды қазақ өлең өлшемі арқылы романстық әуен қазақ поэтикалық жүйесіне лайықталып, ұлттық ритмикаға айналған.

Түпнұсқадағы меланхолиялық тон – «жарық пен қараңғылықтың» антитезасы арқылы берілсе, Абай оны «жақсылық пен жамандық», «сыртқы бүтіндік пен ішкі түтіндік» моральдық дихотомиясына көшіреді.

Түпнұсқадағы ақ қайың, жаралы аң, көбелек мотивтері жеке бастың қайғысын сипаттайды. Абай бұл бейнелерді қазақ тұрмысына жақын табиғи-мәдени кодтармен ауыстырады: «ұзын қайың», «қызыл киік», «сынық қанат көбелек». Мұнда табиғат пен адам болмысы бір-бірін айқындап, ғибраттық символдарға айналған.

«Қызыл киік» – дала еркіндігінің жаралы кейпі, «көбелек» – әлсіздіктің өмірге құштар символы. Осы бейнелердің бәрі соңғы шумақтағы философиялық қорытпаға: «дүние деген иттің көтін...» деген дәрекі метафоралық тұжырымға ұласып, қоғамдық

ашы сатираға айналады.

Абай түпнұсқадағы романстық «жеке мұнды» әлеуметтік-этикалық ойға айналдырады. Бұл – «жеке сезімнен жалпы қоғамға» өту амалы. Ақынның финалдық шумағы түпнұсқада кездеспейді; ол толықтай авторлық интерполяция. Онда дүниенің жалғандығы, қоғамның екіжүзділігі, адамдық кемшіліктердің сыншысы ретіндегі Абайдың көзқарасы анық көрінеді. Сөйтіп, аударма деңгейінен асқан бұл туынды поэзиядағы транскультурациялық трансформацияның үлгісі болып табылады: Абай батыстық романстық құрылымды қазақтық мораль философиясына үйлестіріп, жаңа сапа тудырған.

Поэтикалық құралдар мен тілдік ерекшелігі жөнінде айтсақ, анафора мен параллелизм өлеңді симфониялық тұтастыққа жеткізеді; Риторикалық сұрақтар этикалық толғаныс тудырады; Дыбыстық өрім (қ, ғ, к) қатқыл шындықтың акустикалық көрінісін жасайды; Коллоквиализм («иттің көтін») – философиялық сарказмның тілдік амалы, Абайдың өмір шындығын боямасыз беру ұстанымын көрсетеді. Бұл амалдар Абай поэзиясына тән «жоғары пафос пен тұрмыстық нақтылықтың» теңгерімін жасайды.

### Қорытынды

Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңі – жай ғана әдеби аударма емес, шығармашылық интерпретация дәрежесіне көтерілген көркем мәтін. Ақын романстық меланхолияны қазақ дүниетанымына лайықтап, адам мен қоғамның моральдық күйін бейнелеген. Өлеңдегі көркемдік жүйе мен философиялық тереңдік Абайдың аудармашылық шеберлігін, мәдени кодтарды бейімдеудегі дара тәсілін айқындайды. Бұл туынды Абайдың аудармашылық эстетикасының басты принципін – «еркін дәлдік» ұстанымын дәлелдейді: ол түпнұсқаның мазмұнын ғана емес, рухында қазақ поэзиясының категорияларымен сөйлетеді. Сондықтан «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» – қазақ әдебиетіндегі шығармашылық транспозицияның классикалық үлгісі.

Асылында, Абай аудармасы – сөзбе-сөз аударма емес, идея мен рухты игеруге бағытталған терең аударма өнері. Осы өлеңнің түпнұсқасындағы эстетика – «салондық романтический элегизм» болса, Абайнұсқасында моральдық-философиялық рефлексияға ұласқан. Абай аударманы қайта тудырып, авторлық финалмен жалпыадамзаттық және әлеуметтік мән берген.

Абай аудармалары – ұлттық әдебиеттің тілін, поэтикалық құрылымын, дүниетанымдық көкжиегін кеңейткен ірі эстетикалық жаңалық. Оның аудармашылық мәдениеті – түпнұсқаны игерудің, оны қазақ рухына лайықтап қайта жасаудың, көркемдік ойды төл дүниетаныммен байланыстыра жеткізудің жарқын үлгісі.

Абай аудармасы – «мәдениетаралық диалог» ұғымына әбден сай келетін құбылыс. Ол тек өзге мәдениетті қазаққа жақындатқан жоқ, сонымен бірге қазақ сөзін әлемдік поэзия деңгейіне көтерді.

### Әдебиеттер тізімі

- Ахметов, З. (2008). *Абайдың ақындық әлемі*. Алматы: Ғылым.
- Крылов, В. (1870). «Я видел берёзку...» В *Поэзия русского романса*. Москва: Наука.
- Құнанбаев, А. (1995). *Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1*. Алматы: Жазушы.
- Мырзахметов, М. (1982). *Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары*. Алматы: Ғылым баспасы.
- Рубинштейн, А. (1869). *Разбитое сердце*. Санкт-Петербург: Наука.

## References

- Akhmetov, Z. (2008). *Abaiдың aqyndyq әlemi*. Almaty: Gylym.  
Krylov, V. (1870). Ya videl berezy... In *Poeziya russkogo romansa*. Moscow: Nauka.  
Myrzakhmetov, M. (1982). *Mukhtar Aueзов және abaitany problemalary*. Almaty: Gylym baspasy.  
Qunanbayev, A. (1995). *Shyғarmalarynyñ eki tomdyq tolyq jinaғы (Vol. 1)*. Almaty: Jazushy.  
Rubinshteyn, A. (1869). *Razbitoe serdtse*. Saint Petersburg: Nauka.

### Yeldos Toktarbay

*Shakarim University NJSC, Semey, Kazakhstan.*  
(E-mail: yeldos@toktarbay.com)

### «Men kordim uzyn qaiyng qulaganyn»: A Comparative Poetic and Philosophical Analysis with the Original Text

**Abstract.** This article presents a comparative analysis of Abai Qunanbaiuly's poem «Men kordim uzyn qaiyng qulaganyn» («I saw the tall birch fall») and its original sources, focusing on the artistic-aesthetic, ideological-philosophical, and cultural-interpretative dimensions of the translation. It is established that the poem is based on Rudolf Lowenstein and Viktor Krylov's version written for Anton Rubinstein's romance «The Broken Heart». The study examines Abai's translation techniques and poetic innovations, highlighting his strategy of integrating romantic melancholy into the moral and philosophical framework of the Kazakh worldview. Furthermore, the paper analyzes the use of anaphora, parallelism, antithesis, and everyday colloquialism in the poem's structure, demonstrating how Abai's free interpretation of the source text transitions into a socio-satirical meaning.

**Keywords:** Abai's translations, poetic interpretation, romantic lyricism, philosophical sarcasm, Kazakh poetry, Rubinstein, Krylov, cultural transposition

### Елдос Токтарбай

*НАО «Университет имени Шакарима», г. Семей, Казахстан*  
(E-mail: yeldos@toktarbay.com)

### Стихотворение «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»: сравнительный поэтический и философский анализ с оригиналом

**Аннотация.** В статье проводится сопоставительный анализ оригинального текста стихотворения Абая Кунанбайулы «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» и его переводов, рассматриваются художественно-эстетические, идейно-философские и культурно-интерпретационные аспекты перевода.

Устанавливается, что в основе оригинала лежит версия Рудольфа Лёвенштейна и Виктора Крылова, созданная для романа Антона Рубинштейна «Разбитое сердце». Анализируются переводческие методы и поэтические новаторства Абая, его стратегия введения романтической меланхолии в морально-философское пространство казахского мировоззрения. Кроме того, исследуются такие поэтические приёмы, как анафора, параллелизм, антитеза и бытовой коллоквиализм, и доказывається, что через свободную интерпретацию оригинала поэт достигает перехода к общественно-сатирическому содержанию.

**Ключевые слова:** переводы Абая, поэтическая интерпретация, романтическая

лирика, философский сарказм, казахская поэзия, Рубинштейн, Крылов, культурная транспозиция.

**Автор туралы мәлімет:**

**Елдос Тоқтарбай** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Шәкәрім университеті» КЕАҚ, Семей қ., Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0346-2246>

**Information about authors:**

**Yeldos Toktarbay** – Master of Humanities, «Shakarim University» NJSC, Semey, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0346-2246>

**Сведения об авторе:**

**Елдос Тоқтарбай** – магистр гуманитарных наук, НАО «Университет имени Шакарима», г. Семей Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0346-2246>



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.  
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License